

ТАТУЛЫҚ

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТЕТІГІНЕ АЙНАЛҒАН ИНСТИТУТ

Қазақстан Республикасы — жүзден астам этнос өкілінің басын қосып, олардың әрқайсысының материалдық және рухани мәдениетінің сақталуына мүмкіндік жасап отырған іргелі мемлекет.

Ширек ғасырдан астам ұлтаралық татулықты ту еткен елімізде этносаралық мәселелерді шешу үшін бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданғанын және ол құжаттардың татулықты нығайтуда өзіндік рөлі бар екенін атап өткен жөн. Әрбір қабылданған заң, бағдарламалар мен доктриналар этносаралық мәселелерді реттеу процесінде жаңа қадамдардың жүзеге асырылуына сеп болды.

1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында ҚР ҚХА консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды. Бұл институт мемлекеттегі этносаралық қатынастарды реттейтін негізгі тетікке айналды.

2007 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы үшін тың өзгерістер орын алды. Оның бірі — Қазақстан халықтары Ассамблеясынан Қазақстан халқы Ассамблеясы деп қайта атау, екіншісі — осы институтқа конституциялық мәртебе беріліп, ҚР Мәжілісіне ҚХА атынан 9 депутат сайлау құқығы туды. Қазіргі уақытта 2022 жылғы Конституциялық реформаға сай, Сенатқа 5 депутат өкілеттігі ауыстырылды.

Осы еліміздегі этносаралық қатынастарды реттеу институты құрылған күннен бастап ерекше міндеттер қойылды. 2008 жылы бекітілген ҚР «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңында «Этносаралық саладағы өңірлік саясатты жетілдіру, этносаралық қатынастардың жай-күйіне мониторинг жүргізу, келіспеушіліктерді реттеу бойынша ұсынымдар әзірлеу және практикалық шараларды іске асыруда этносаралық қатынастар саласындағы жанжалды жағдайларға жол бермеу және оларды шешуге қатысу және т.б.» сынды міндеттер айқын көрсетілді.

Этносаралық шиеленістердің алдын алу мақсатында 2015 жылы Н.Назарбаевтың Жарлығымен «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту» жөнінде тұжырымдамасы қабылданды. Құжатта Қазақстан халқы Ассамблеясының Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайтудағы рөлі айшықталды. Институттың ҚХА Қоғамдық келісім кеңестерінің қолдауымен қайырымдылық пен медиацияны дамыту, сондай-ақ қоғамдық бақылау жүйесін қалыптастыру мәселелеріндегі қызметі қолға алына бастады. Жоғарыда айтылғандардан негізді жауапкершілік Қазақстан халқы Ассамблеясына жүктеледі, ол бұдан басқа қоғамдық қадағалау мен сақылаудың жаңа жүйесін қалыптастыруға жауапты болып табылды.

«Бейбітшілік пен келісім жол картасы» қоғамдық мегажобасы аясында қайырымдылық, медиация және қоғамдық бақылау мәселелері бойынша өңірлердің ҚХА арасында тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету «Қайырымдылық жол картасы» болып өзгертілді. Осы жағдайлардың алдын алуда Оңтүстік аймақтары полиэтникалық аймақтар ретінде бірқатар елді мекендерінің мысалында жергілікті этносаралық қақтығыстардың дамуына жол бермеу және олардың алдын алуға ықпал ететін факторлар қарастырылды. ҚХА жанынан құрылған ҚХА арнайы кафедралары мен өңірлік ғылыми сарапшы топтар өз ұсыныстары мен ғылыми зерттеуді жүзеге асырудың негізгі бағыттарын дайындады:

1) ғылыми-талдамалық —

-этноконфессиялық мониторингтің аймақтық жүйесінің ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу және этникалық негіздегі қақтығыстарды жоюды;

-этномәдени бірлестіктердің қоғамдық-саяси және мәдени іс-шараларды өткізуге арналған әдістемелік нұсқауларын әзірлеуді;

-өңірдегі этноконфессиялық жағдайды диагностикалау және болжау, қоғамдағы деструктивті үдерістердің қауіп-қатері мен салдарын бағалау сияқты жұмыс әдістерін мүдделі мемлекеттік органдардың практикалық қызметі тәжірибесіне енгізуді жүзеге асыра бастады.

Этноконфессиялық мониторингтің аймақтық жүйесінің ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу және этникалық негіздегі қақтығыстарды ертерек ескерту аясындағы атқарылған жұмыстардан кейін, этносаралық жағдайдың әлеуметтік мәртебесі, құқықтары, материалдық және мәдени игіліктерге қол жетімділігі айтарлықтай өзгерді.

Қоғамдық келісімді нығайтуда әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы келісім жағдайында қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт ретіндегі рөлін бекемдеп, этносаралық татулық пен дінаралық түсіністікті қалыптастыруды басты назарда ұстануын міндеттей отырып, еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасауда бірқатар жұмыстар атқарылды.

Қазіргі уақытта Шымкент қаласы мен Түркістан облысында 50-ге жуық этнос өкілдері өмір сүріп, өсіп-өнуде. Ал, олар өңір халқының 25 пайызын құрап отыр. Осы жағдайларды ескере отырып, жалпы Қазақстан Республикасындағы этносаралық қақтығыстардың алдын алу және реттеу жөніндегі саяси-басқару құралдарын ғылыми тұрғыда зерделеу жұмыстары жалғаса беретініне сенім мол.

Асқат ЕСЕНАЛИЕВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ «Заң» факультеті
«Азаматтық құқық және азаматтық
іс жүргізу» кафедрасының оқытушысы,
з.ғ.к., доцент, ҚХА Түркістан облысы ҚКМ
жанындағы ғылыми-сарапшылық топ мүшесі,

Роза ТОХАНОВА,
заң ғылымдарының магистрі,

Айжан АЛШОРАЗОВА,
құқық магистрі